

**Жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерін сақтау және есеп жүргізу жөнінде қызмет көрсететін кастодиан-банктерге қойылатын талаптар туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы директорының Қаулысы 2000 жылғы 6 қараша N 711. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 8 желтоқсан N 1321 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2005 жылғы 26 наурыздағы N 117 қаулысымен.

-----Қаулыдан үзінді-----

*Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін Қазақстан Республикасының заңдарымен сәйкестендіру мақсатында Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:*

- 1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілерінің күші жойылды деп танылсын.*
- 2. Осы қаулы қабылданған күннен бастап қолданысқа енеді.*

*Төраға*

*Қазақстан Республикасының  
Қаржы нарығын және қаржы  
ұйымдарын реттеу мен қадағалау  
жөніндегі агенттігі басқармасының  
2005 жылғы 26 наурыздағы  
N 117 қаулысына Қосымша*

*Қазақстан Республикасының күші жойылды деп танылған  
нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі*

*6. Қазақстан Республикасының Ұлттық комиссиясы Директорының " Жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерінің есебін жүргізу және сақтау жөнінде қызмет көрсететін кастодиан банктерге қойылатын талаптар туралы" 2000 жылғы 6-қарашадағы N 711 қаулысы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1321 тіркелген, "Қазақстанның бағалы қағаздар рыногы" журналында 2000 жылы жарияланған, N 1)...*

-----

Жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерінің сақталысын және салымшылардың (зейнетақы төлемдерін алушылардың) құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатында, "Қазақстан Республикасында зейнетақымен камсыздандыру туралы" Z970136\_ Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 20 маусымдағы заңының 26-бабының 5-тармағын орындау мақсатында, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 13 қарашадағы N 3755 U973755\_ жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы туралы ереженің 4-тармағы 15) тармақшасының негізінде Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының (бұдан әрі "Ұлттық комиссия" деп аталады) Директораты Қаулы е т е д і :

1. Халықаралық есеп айырысу-депозитарлық жүйелеріне ("Euroclear" және "Clearstream International" тұлпатты) рұқсат етудің мынадай түрлерінің бірі бар болған кезде кастодиан-банктің:

1) тікелей рұқсат;

2) бағалы қағаздар рыногында кастодиандық қызметтер көрсететін және аталған жүйелерге тікелей рұқсаты бар шетелдік ұйыммен кастодиандық шарт ж а с а с у а р қ ы л ы ;

3) "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" ЖАҚ-ы арқылы жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерін сақтау және есеп жүргізу жөнінде қызмет көрсетуге құқылы екендігі белгіленсін.

2. Осы Қаулының Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелген күнінен бастап күшіне енетіндігі белгіленсін.

3. Жинақтаушы зейнетақы қорларының кастодиан-банктері ("Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры" ЖАҚ-ның кастодиан-банкі ретінде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкін қоса) өздерінің қызметін осы Қаулыға ол күшіне енгізілгеннен бастап үш ай ішінде сәйкес келтіруге міндеттелсін.

4. Ұлттық комиссия орталық аппаратының Лицензиялау және қадағалау б а с қ а р м а с ы :

1) осы Қаулыны (ол күшіне енгізілгеннен кейін) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі комитетінің, "Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры" ЖАҚ-ның және кастодиан-банктердің назарына жеткізсін;

2) осы Қаулыны (ол күшіне енгізілгеннен кейін) бағалы қағаздар рыногында кастодиандық қызметті жүзеге асыруға лицензия алуға ниет білдірген ұйымдардың назарына жеткізсін;

3) осы Қаулының орындалысына бақылау жасасын.

Ұлттық комиссияның Төрағасы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК